Аудандық қоғамдық-саяси апталық газеті

# Маяк

Районная еженедельная общественно-политическая газета

2023 жыл / год
4 тамыз / август
№30 (64491)
Издается со 2 августа 1939 года

Сайт акима Астраханского района: www.astrahan.akmol.kz / астрахан.мем.қаз / www.astrahan.gov.kz

## ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ – ҚАТАҢ БАҚЫЛАУДА

*Аудан әкімі Нұрлан Сейілов Колутон ауылдық округінің орталығы көшелеріне жүргізілген жөндеу жұмыстарының нәтижесімен және Колутон ауылдық округі ғимаратына жүргізіліп жатқан жөндеу жұмысымен танысты.*

ЖҰМЫС САПАРЫ

Ең бірінші кезекте аудан әкімі Колутон ауылдық округінің орталығы көшелеріне жүргізілген жөндеу жұмыстарының нәтижесімен танысты. Жөндеу жұмыстарын «Gruss» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жасады. Қазіргі таңда «Gruss» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бөлінген қаржыға асфальт төсеу жұмыстарын аяқтады. Тапсырыс беруші тарапынан көрсетілген кемшіліктерді дұрыстап, кей учаскелерге қайта жөндеу жұмыстарын жүргізді.



Одан кейін Колутон ауылдық округі ғимаратының қайта қалпына келтіру жұмысы барысымен танысты. Колутон ауылдық округі ғиматын ағымдағы жөндеу жеке кәсіпкер «Исмаилов» келісім-шарт жасалса, Колутон ауылдық округі ғимаратының қасбетін ағымдағы жөндеу және есіктерін ауыстыру жеке кәсіпкер «Береке» жауапты болып бекітілген.

Жұмыс барысымен толықтай танысқан аудан әкімі жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатқан әрбір нысан барысында мемлекеттің қаржысын тиімді пайдаланып, сапалы әрі уақытылы аяқтауға қатты көңіл бөлуді тапсырды.

**Өз тілшіміз.**

## ТВОРИ ДОБРО

**С 1 августа 2023 года в Казахстане стартует республиканская благотворительная акция «Дорога в школу». Продлится она до 30 сентября 2023 года под девизом «Твори добро». Генеральными партнерами в организации и проведении этой масштабной акции выступает национальная палата предпринимателей «Атамекен». Об этом на брифинге в РСК сообщил заместитель руководителя облуправления образования Валерий Гамазов.**

Цель акции – оказание материальной поддержки школьникам из малообеспеченных и многодетных семей, детям-сиротам, а также детям, оставшимся без попечения родителей во время подготовки к началу учебного года, и детям, не посещающим школу по социальным причинам, – проинформировал Валерий Гамазов.

– Во время проведения акции «Дорога в школу» в учебных учреждениях составляются адресные, персональные списки семей, где дети нуждаются в оказании социальной помощи. Эти же меры позволяют в дальнейшем проводить работу по обеспечению их явки в школу, – сообщил заместитель руководителя облуправления образования.

Как отметил спикер, акция «Дорога в школу» дает возможность расширить и увеличить поддержку детей в период их обучения. Каждый может проявить гражданскую активность в оказании посильной адресной помощи в подготовке детей из социально уязвимых слоев населения к школе.

А также сформировать устойчивое партнерство между системой образования и гражданским обществом по вопросам развития образовательной сферы, способствующей созданию условий для доступности получения общего среднего образования.

## АУДАНДЫҚ БАТА БЕРУ БАЙҚАУЫ

*Ауданымыздың мәдениет үйінің кіші залында аудандық ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен бата беру дәстүрін дәріптеу, аталы сөздердің қадір-қасиетін, ұлттық құндылықтарымызды насихаттау, елін, жерін, оның салт-дәстүрін, тілін құрметтеуге тәрбиелеу мақсатында аудандық бата беру байқауы болып өтті.*







Байқауға Астрахан ауылдық округінің атынан Егінбай Оспанов пен Аманжол Байбол, Новочеркассск ауылдық округінен Кәрібай Сатемір, Жалтыр ауылдық округінің атынан Серікбай Досымов және Олжабай Сатенов, Старый Колутон ауылдық округінің атынан Мейрам Қожахметов қатысты.

Байқау екі кезеңнен тұрды. Алғашқы кезеңде ақсақалдар қалаған тақырыбында бата берсе, екінші бөлімде арнайы билет суырып, тақырып бойынша ақ батаны төкті.

Әділ қазылар алқасы қатысушылардың ұлттық киім үлгісіне, сахна мәдениеті, батаны жеткізуіне баса назар аударды. Байқау нәтижесінде бата берудегі өзіндік стилімен көзге түскен Астрахан ауылының тұрғыны Аманжол Байбол бас жүлдені иеленді. Жалтыр ауылдық округінің намысын қорғаған Серікбай Досымов бірінші орын тұғырынан көрінді. Басқа да қатысушыларға арнайы номинациялар беріліп, грамоталар мен бағалы сыйлықтар табысталды.

Аудандық ардагерлер кеңесі байқаудың өткізілуіне атсалысқан жандарға және демеушілік көрсеткен кәсіпкерлер Мейрам Сағымбаев пен Гамзат Мукановка өз алғыстарын білдіреді.

Баталы сөздерде қазақтың тарихы, салт-сана, салт-дәстүрі, болмысы, адамгершілік келбеті, жанұя жарастығын сақтау, ұрпағын тәрбиелеуге негізделген керемет игіліктер көрініс тапқан. Батадағы ғибратты сөздер ұрпақты әділетті, салиқалы, көркем мінезді болуға тәрбиелейді. Ескірмеген салттың бірі – бата беру. Қазақ бала кезінен ұрпағын үлкеннің алдын кесіп өтпеуге, тек ақ батасын алуға тәрбиелеген. Өйткені батаның адам өміріне тигізер әсері зор болғаны тарихтан белгілі. Сенімге негізделген батада айтылған әрбір сөздің қабыл болатынына халық ешқашан күмән келтірмеген. Сондықтан, мұндай игі шаралар көптеп өтуі керек деп есептейміз.

**Арман ЖАПАРОВ.**

# ТАЗАЛЫҚТЫ ӨЗІМІЗДЕН БАСТАҒАН АБЗАЛ

**Күнделікті көріп жүргеніміздей, өмірдегі өзекті мәселе, жиі айталатын тақырыптың бірі – тазалық мәселесі. Еріккеннен қозғалатын дүние емес. Керісінше үздіксіз айтылуы қажет мәселе. Меселе деуге әбден жарасарлықтай. Өйткені біз жауапкершілікті сезінбесек, жағдай бұдан да қиындай түсері анық.**



«Тазалық – табалдырықтан басталады» деген ұғымды әкеміз бен анамыз қаршадайымыздан-ақ санамызға сіңірді. Бұл біздің отбасымыз үшін ғана емес, Отан алдындағы азаматтық міндеттің ажырамас бөлігі екенін бәріміз жақсы білеміз. Күнделікті есіктің алдынан бастап, реттеу жұмыстары әдетімізге айналған. Әжелеріміз «Лас жер – жын-шайтанның мекені. Отырған, жүр-ген жерлеріңді таза ұстаңдар. Айналаңа қоқыс тастама» деп отыратын. Жарықтықтар адам қажеттілігін терең философиямен жеткізіп кеткен екенау. Біз осынау тақырып арқылы атқарылар істердің берекесін келтіру жөнінде толғамақпыз. Қандай істе және қай жерде береке бар? Әрине, таза жерде, таза орында, тазалықта.



Тазалық шаралары өз деңгейінде атқарылғанымен белігеленбеген жерлерге қоқыс тастау фактілері тыйылмай тұр. Осы кезге дейін қаншама аумақ қоқыстан тазартылып, реттелгенімен тазартылған аймақтардың бірнеше күн өтпей жатып қайта ластану фактілеріне байланысты тазалықты бұзған адамадарға айыппұлдар салынып, тиісті шара да қолданылды. Әр аумақтың тазалығын көздің қарашығындай сақтап, тәртіпті бұзған тұрғындарға шаралар қабылдауға қарамастан полиция қызметкерлерінің көзін ала бере қалдықтарды тастай салуды әдетке айналдырғандар тыйылар емес.

Қазақта ертеден келе жатқан «Ауылына қарап, азаматын таны» деген терең мағыналы тәмсіл бар. Ендеше әр тұрғын өзі тұратын үй-жайдың айналасын таза ұстап, артық-ауыс қалдықтарды шашпай, ұқыпты болса, туған ауданымыздың таза әрі көрікті мекенге айналуына титтей де болса үлес қосқан болар еді. Суын ішіп, ауасын жұтып, топырағын басып жүрген туған жерімізді аялап, қадірлеу туралы әр азамат ойланса дейміз.

**Өз тілшіміз.**

# «ХАЛЫҚ ТАНУ» АТАҒЫНА КОНКУРС ӨТКІЗІЛЕДІ

«Халық тану» халықаралық қоғамдық комитеті (бұдан әрі – «Халық тану» ХҚК) Қазақстан экономикасын дамытуға белсенді қатысатын немесе қатысуды жоспарлап отырған, Қазақстан Республикасының, сондай-ақ басқа да елдердің барлық салалық бағыттарындағы мамандар мен заңды тұлғаларды анықтау және ел халқының тануы мақсатында «Үздік» атағын береді. «Халық тану» үздік мамандарға, кәсіпорындардың басшыларына – экономиканың жеке, мемлекеттік және қоғамдық секторына «Үздіктерді» халықтық дауыс беру арқылы іріктеу жолымен, ұйымдастырушының www.pomogvsem.kz сайтында беріледі http://www.pomogvsem.kz .

**«Халық тану» 3 номинация бойынша беріледі:**

*«2023 жылдың үздік мемлекеттік органы» (министрліктер,әкімдіктер, департаменттер, басқармалар, бөлімдер – - Қазақстан халқы үшін өз қызметімен және жұмысымен жергілікті жерлерде толық берілгендік пен жауапкершілікті растаған мемлекеттік органдар;*

*«2023 жылдың үздік кәсіпорны» - ҚР және шет елдер экономикасының барлық салаларындағы коммерциялық құрылымдардың ішінен;*

*«Үздік маман 2023 жылдың « – Қазақстанның дамуына қосқан үлесі үшін ҚР және шет елдердің экономиканың барлық салаларының коммерциялық, мемлекеттік, қоғамдық құрылымдарынан.*

**«Халық тануға» қатысу үшін өтінімдер бере алады:**

– өзін - өзі ұсынған жеке тұлғалар; - мемлекеттік, қоғамдық және коммерциялық мекемелер мен кәсіпорындардың басшылары.

**«Халық тану» өткізу мерзімі:**

**2023 жылғы 11 шілдеден 26 қарашаға дейін- халықаралық деңгейдегі «Үздіктерге» халықтық дауыс беру.**

**Қатысуға өтінімдерді қабылдау (кандидаттарды ұсыну)**

**2023 жылғы 11 шілдеден 26 қарашаға дейін жүргізіледі. Өтініш парағын алу үшін ХҚК ұйымдастырушысына Instagram парағына жазылу керек: @pomog_vsem_kz және сол жерде өтініш парағына сұрау қалдыру керек.**

**Үміткерлерді бағалау кезінде Қазақстан экономикасының дамуына қосқан үлесі, жетістіктері туралы жарияланған мақалалары және «Үздік» атағына маманның немесе ұйымның қызметін көрсететін басқа да сипаттамалар ескерілетін болады.**

**Лауреаттарды марапаттау 2023 жылдың 15 желтоқсанында Алматы қаласында Тәуелсіздік күніне арналған іс-шаралар барысында салтанатты жағдайда өтеді. «Халық тану» жеңімпаздары туралы ақпарат бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде және мемлекеттік органдардың сайттарында жарияланады.**

***«Халық тану» туралы толық ақпаратпен және ережелерімен ұйымдастырушының сайтындағы «Халық тану» бөлімінде танысуға болады.***

**«Халық тану» ХҚК ұйымдастырушы комитеті.**

# ПРОВОДИТСЯ КОНКУРС НА ЗВАНИЕ «ХАЛЫҚ ТАНУ»

Международный общественный комитет «Халық тану» (далее – МОК «Халық тану») присваивает звание «Лучший», в целях выявления и признания народом страны специалистов и юридических лиц, всех отраслевых направлений, как в Республике Казахстан, так и других стран, активно участвующих или планирующих участвовать в развитии экономики Казахстана. «Халық тану» присваивается лучшим специалистам, руководителям предприятий – частного, государственного и общественного сектора экономики, путём отбора «Лучших», народным голосованием на сайте организатора - www.pomogvsem.kz .

**«Халық тану» присваивается по 3 номинациям:**

*«Лучший государственный орган 2023 года» (министерства, акиматы, департаменты, управления, отделы) – государственные органы, подтвердившие своей деятельностью и службой для народа Казахстана, полную преданность и ответственность на местах;*

*«Лучшее предприятие 2023 года» - из числа коммерческих структур всех отраслей экономики РК и зарубежных стран;*

*«Лучший специалист 2023 года» – из числа государственных, общественных и коммерческих структур всех отраслей экономики РК и зарубежных стран, за вклад в развитие Казахстана.*

**Заявки на участие в «Халық тану» могут вноситься:**

- физическими лицами – самовыдвиженцами; - руководителями государственных, общественных и коммерческих учреждений и предприятий.

**Сроки проведения «Халық тану»:**

**С 11 июля по 26 ноября 2023 года – Народное голосование за «Лучших» международного уровня.**

**Приём заявок на участие (выдвижение кандидатов) производится**

**с 11 июля по 26 ноября 2023 года. Для получения заявочного листа, необходимо подписаться на организатора МОК в Instagram: @pomog_vsem_kz и там же оставить запрос на заявочный лист.**

**При оценке кандидатов будут учитываться вклад в развитие экономики Казахстана, опубликованные статьи достижений и другие характеристики, отражающие деятельность специалиста или организации на звание «Лучший».**

**Награждение лауреатов пройдет в торжественной обстановке во время проведения мероприятий, приуроченных к Дню Независимости – 15 декабря 2023 года в городе Алматы . Сведения о победителях «Халық тану» будут размещены в средствах массовой информации, соцсетях и на сайтах государственных органов.**

***С полной информацией и положением «Халық тану», можно ознакомиться на сайте организатора в разделе «Халық тану».***

**Оргкомитет МОК «Халық тану».**

# ДҮНИЕНІ ДҮБІРЛЕТКЕН БЕЙБАРЫС БАБАМЫЗ

**Биыл Ұлы дала топырағында туып Мысырды билеген әйгілі әз-Заһир Сұлтан Бейбарыстың туғанына 800 жыл толды. Дүниені дүбірлеткен Бейбарыс бабамыз бүгінгі ұрпақ біз үшін қашан да мақтаныш. Сондықтан да оның ерлік тарихын жаңғыртып отыру, кейінгілерге жеткізу әр өз тарихын, отанын, ата-бабасын сыйлаған ұрпақтың қастерлі міндеті. Сол себепті де тарихтың сарғайған беттерін қайыра парақтап, қадари-қалімізше Бейбарыс бабамыз жайлы толғауды жөн санадық.**

Бейбарыс Жамақұлы (1223-1277) – түркі әулеті Бахриден шыққан мамлюктердің Египетті билеген төртінші сұлтаны. Оны тарихи шығармаларда Бейбарыс, Бибарыс деп те атайды. Оның шыққан тегі – қыпшақ. Қыпшақ қазіргі ру атауы емес. Сол кездегі Ұлы даланы мекен еткен тұтас ұлыстың жиынтық атауы. Кейбір тарихи деректерде Бейбарыстың руы Беріш деп аталады. Соған қарағанда оның туған жері қазіргі Атырау өңірі деп топшалауға болады. Алайда бұған қатысты әр түрлі деректер айтылып жүр, бірі – Хорезм, Дербент қыпшақтарынан десе, екіншілері маңғыстаулық еді дегенді айтады. Соңғы зерттеулер бұл дүдәмалдықтың түйінін шешіп, Бейбарыстың қыпшақ тайпасының Беріш руынан шыққан атақты әулеттің тұқымы екені анықтауға мүмкіндік берді. Араб елдерінің «Мың бір түнмен» қатар қоятын халық романы – «Бейбарыста» оның әкесі Жамақ, шешесі Әйек деп, олардың нақты есімдерін атап көрсеткен. Бейбарыс өмір бойы қыпшақ тілінде сөйлеген, Алдыңғы Азиядағы араб тілдес халықтармен тілмәш арқылы түсініскен.

Бейбарыс Дамаскінің базарында 800 дирхемге құлдыққа сатылғаннан кейін жаңа қожайыны Айдакин Бундукдаридің атымен әл-Бундукдари деген есімге ие болды. Кейін Бейбарыстың ерекше қабілетін байқаған Айюби әулетінің сұлтаны Салих Нажумиддин оны өзінің жеке гвардиясының бір бөліміне сардар етіп алады. Сөйтіп ол енді жаңа әміршісінің атымен өзіне әл-Салихи деген есімді және қабылдайды. Ол осында жүргенде крест жорығына қатысушыларға қарсы күресте Египет әскеріне қолбасшылық етеді. Египеттің жаңа сұлтаны Муиззәддин Айбек Айюби әулетінің соңғы бастаған кезде, Бейбарыс бас сауғалап, Сирияға қашып кетеді. Содан мамлюктер Айбекті өлтіргеннен кейін ғана ол Каирға қайта оралады. Мұнда таққа жаңа отырған Мұзаффар Сайфуддин Құтұз сұлтан оны әскеріне басшы етіп, Сирия жеріне ішкерлей кірген моңғолдарға қарсы күреске аттанады. Айн-Жалут түбіндегі шайқаста мамлюк қолы моңғолдардың тас-талқанын шығарады. Осы соғыста Бейбарыс ер жүректілігімен айрықша көзге түседі. Бірақ Құтұз, неге екені белгісіз, басқаларға сый-сияпат жасап, Бейбарысты елеусіз қалдырады. Осыған өкпелеген Бейбарыс өзіне ниеттес адамдармен келісіп, Каирға қайтар жолда Құтұзды өлтіреді. Жақтастары Бейбарысты Египеттің сұлтаны деп жариялайды. Сөйтіп ол әд- Мәлік әз-Заһир Руки-әд-Дүние вә-д-Дин Бейбарыс әл-Бундукдари әл-Салихи деген есіммен Египеттің тағына отырады. Билік басына келісімен Бейбарыс бар күш-жігерін крест жорығына қарсы шабуылға жұмсайды. Негізгі шабуыл 1265 жылы басталып, крест тағушы франктердің қамалдары бірінен кейін бірі алынады. Бұдан кейін Кіші армения патшалығына (1267 ж.) Кіші Азия селжұқтарына қарсы жорықтар жасап, берберлерді бағындырады.

Бейбарыс медреселер салуға көп күш жұмсайды, каналдар мен бөгеттерді жөндетеді. Каир қаласында ол салдырған мешіттердің бірі қазір де «Бейбарыс мешіті» деп аталады.Жат жұрттардағы қыпшақ әдебиетінің бүкіл Шығыс елдеріне кең тараған туындысы — қазақ сахарасының перзенті қыпшақ Сұлтан аз-Захир Бейбарыс жайлы қиссалар. Сұлтан аз-Захир Бейбарыс деген кім?Арабтың, «мамлюк» деген сөзінің көп мағынасының бірі – ақ құлдар. Ал осы мамлюктердің бір тобы қазіргі қазақ сахарасы мен Еділ, Жайық, Қара теңіз бойында монғол шапқыншыларымен болған қырғын соғыс кезінде тұтқынға алынған қыпшақтар болған. И. М. Фильштинский зерттеулеріне қарағанда, моңғолдар өзгелермен бірге қыпшақтарды да шетелдік көпестерге, әсіресе италиялық саудагерлерге сатып отырған. Ал олар мұндай өтімді «тауарды» Жерорта теңізінің арғы жағалауындағы Мысыр еліне апарып, артық бағамен қайта сататын болған. Тұтқындар ішінен қыпшақтардың батырлығына, ер жүректілігіне, төзімділігіне, шыдамдылығына қызыққан Мысыр сұлтандары оларды әскери қызметке тартқан, сарай жасақтары еткен. Біртіндеп жоғары әскери қолбасшы мәртебесіне қолы жеткен қыпщақтар жұрты қолдамаған сұлтандарды тақтан оп-оңай-ақ тайдырып отырған. Мысырлық қыпшақтардың салтанат құруы, әсіресе, XIII ғасырдың екінші жартысынан басталады. Мысалы, 1250—57 жылдары Египетті түркінің бахрлықтар деп аталған Айбек бастаған қауымы билеген. Олардың бахралықтар деп аталуына себеп болған жайт қыпшақтардың әскери казармаларының Ніл өзені ортасындағы аралда болғандығынан еді. Сондықтан да олар «бахрлықтар», яғни «аралдықтар» деп аталып кеткен. Мемлекет билігі қолдарына тигеннең кейін қыпшақтар күрдтер әулетін аластаған. Сөйтіп, олар Египетті ұзақ уақыт билеген. Олардың басын біріктіріп, жеңістерге жетелеген, күні бүгінге дейін аты халық аузында аңыз боп қалған қыпшақ текті сұлтан аз-Захир Рукн ад-Дин Бейбарыс болған. Жазба деректерге қарасақ, Бейбарыс 1223 жылы монғолдар ойрандаған Дешті Қыпшақ даласында дүниеге келген. Жетім қалған жас бала өзге де тұтқындармен бірге Мысырдық сол кездегі курд текті сұлтаны Салих Наджм ад-Динге сатылған.И. М. Фильштинский еңбектеріне карағанда жас батыр әуелі Сириядағы әскери мектепте оқығаннан кейін, мамлюк жасақтарына жазылады. Әл-Мансур деген жерде болған алғашқы шайқаста-ақ ол ерлігімен көзге түскен.Крест тағушыларды талқандағаннан кейін Бейбарыс өзінің, негізгі қарсыласы Туран шаһ пен бақталасы Кутузды да тақтан тайдырған. Бейбарыс үкімет басына келген тұс монғолдардың 1258 жылы Бағдадты қиратып, Аббастан тараған халифалар әулетінің бірқатарын дарға асып үлгірген кезі болатын. Солардың тірі қалған біреуі соңынан Шамға қашып кеткен. Оны сол жерден Бейбарыс Мысырға алдырып, 1261 жылы әл-Мустансир деген атпен халифа етіп жариялаған. Сол жаңа халифаның қолынан өзі де сұлтан лауазымын алған.Бейбарыс енді Машриқ елдерін жаулап алып, Мысырға ұмтылған монғолдардың тас-талқанын шығарғаң. Әскер ішінде темірдей тәртіп орнатқан.Осы қыпшақ батыры тұсында Мысырдың егін шаруашылығы мықтап дамыған. Суландыру жүйелері жөнделіп, қалпына келтірілген. Қыпшақ текті көптеген әскербасыларға Сирия мен Египеттен жер бөліп берілген. Бейбарыс басқарған жылдары Мысыр, сөйтіп, тез дами бастады. Египеттің әл-Искандария (Александрия), Дамиетта, Әл-Қаһира (Каир) секілді қалалары ірі-ірі сауда орталығына айнала бастаған. Сауданың өсіп-өркендеуіне Бейбарыс та барынша жағдай жасауға тырысқан. Мұнда Венеция Сицилия, Генуя, Индия, Орта Азияның сауда керуендері мен кемелері соқпай кетпейтін. Сол үшін де қыпшақтар олардан көп заттар алатын.Бейбарыс ойлы да кемеңгер мемлекет қайраткері, батыр да жігерлі қол басшы болған. Әуелі ол елдің әл-ауқатын көтерді. Мұсылман текті халықтардың ежелгі жауы — крест тағушыларды талқандады. Монғолдарды Мысырға қарай қия бастырмаған.Көп ұзамай-ақ Бейбарыстың есімі де «Мың бір түн» хикаяларының негізгі кейіпкерлерінің бірі Аббас әулетінен шыққан халифа һарун ар-Рашид (786—809) секілді аңызға айналған, Өйткені, Бейбар-ыс жайлы риуайаттарда ол да халифа һарун ар-Рашид сияқты қарапайым киініп, түнгі Каирді аралап кетеді екен. Халық өмірімен жақын танысқандықтан, қылмыстыларды жазалап, күнәсіздерге көмектеседі екен. Міне, оның осы қырына мұхаддистер де ол туралы қиссаларға ерекше мән беріп, ұзағырақ айтатын болған.

**Өз ақпаратымыз.**

# РАБОТА МАСТЕРА ХВАЛИТ

ЧЕЛОВЕК ТРУДА

**Труд облагораживает человека и с этим трудно поспорить! Труд и человек – это единое целое: труд немыслим без людей, как и люди без труда. Для того, чтобы чего-то добиться в этой жизни, что-то построить, что-то создать, чего-то оставить после себя детям, внукам, правнукам, необходимо ежедневно трудиться и оберегать то, что уже имеешь. Человек может быть по-настоящему счастлив только в том случае, если он занимается тем, что ему приносит радость, удовольствие и вдохновение. И все это можно сказать в адрес Михаила Николаевича Крамаренко, который почти все годы своей жизни отдал любимому делу и своей любимой работе токаря.**



Родился Михаил Николаевич в 1948 году на Украине, в Кировоградской области с. Овсяниковка. В семь лет пошел в школу. Когда Михаил Николаевич учился в пятом классе родители переехали в Казахстан, в совхоз Астраханский, Астраханского района. Закончив здесь 8 классов, пошел в ученики к токарю. Обучившись за 4 месяца токарному делу, остается работать в паре на одном станке со своим учителем и наставником. Работал здесь до призыва в армию. С 1967 по 1969 служил в Ташкенте. Вернувшись после армии, продолжил работать. Под руководством наставника Журавлева Николая освоил опыт работы фрезеровщика и шлифовщика. Шлифовщик – отдельная профессия, которая тесно связана со смежными специальностями, например, токаря или фрезеровщика. Ведь суть его работы – механическая обработка поверхностей различных материалов. Но эта работа более тонкая. После фрезерного или токарного станка деталь получает лишь черновую степень допусков, она далека от требуемого качества. Шлифовщик же должен снять тонкий поверхностный слой материала, а это могут быть считанные микроны.

В 1996 году переезжает семьей в с.Астраханка.. Здесь уже до выхода на пенсию работал токарем в ТОО «Агро-Цес», руководителем которого был Паскалиди Ю.Г. Также у Михаила Николаевича были и ученики, с которыми он всегда делился опытом работы, передавал все навыки и знания своего дела. Многие из них сейчас работают в городе, но также поддерживают связь со своим наставником и иногда обращаются за советом в сложных и непонятных ситуациях по работе.

По стопам отца также пошел и сын Дмитрий. Его с детства привлекает интересная работа токаря. С любовью и огромным вниманием наблюдал за работой отца и со временем стал пробовать свои силы и возможности в данном деле. Отец всегда увлеченно рассказывал и учил всем тонкостям работы токаря. В данный момент уже сын занимается токарным делом самостоятельно, но всегда советуется и чувствует надежное отцовское плечо, что всегда немаловажно в любой профессии.

**Хочется от всей души поблагодарить Михаила Николаевича за дружескую беседу и теплые воспоминания. За его знания и труд, без которых жизнь на селе была бы гораздо сложнее. Желаем крепкого здоровья, семейного счастья и благополучия.**

**Ирина ГОРБАТЕНКО.**

Фото автора.

# СВОЯ ЗЕМЛЯ И В ГОРСТИ МИЛА

НАШИ ЮБИЛЯРЫ

**В общей сложности более 30 лет Юрий Григорьевич Тесленко трудился в системе землеустройства, пройдя все ступени карьерного роста от агронома до директора земельно-кадастрового филиала.**



5 августа 1948 года в Челябинской области Агаповского района, в совхозе Горный, в семье Тесленко Григория Марковича и Анастасии Сергеевны родился сын Юра. Как и все свои сверстники в школу пошел в семь лет. Окончив школу, работал учителем начальных классов. Позже вместе с родителями приехал в Казахстан. Заочно поступил в Целиноградский сельскохозяйственный институт на факультет агрономии. Закончив институт, по распределению был направлен в совхоз «Образцовый» Астраханского района на должность агронома. В 1982 году был принят в ряды Коммунистической партии Советского союза. В 1983 году занимает должность главного агронома совхоза «Образцовый». Позже был переведен на должность директора Астраханского земельно-кадастрового филиала. Затем перевелся в организацию Акмола Гипрозем. В это время только внедрялись акты на землю, шло оформление приватизационных земель, оформлялись крестьянские хозяйства, составлялись государственные акты.

В 1999 году Юрий Григорьевич принят на должность ведущего инженера землеустроителя. В 2006году назначен на должность инженера–землеустроителя в Астраханский земельно-кадастровый филиал Акмолинского Государственного института по землеустроительству.

С 2011 года и до выхода на пенсию занимал должность руководителя Астраханского земельно-кадастрового филиала.

Юрий Григорьевич награжден орденом почета, имеет множество грамот и дипломов республиканского значения.

В коллективе и среди служащих всегда пользовался уважением, проявляя свой профессионализм и трудолюбие, скромность и обаяние.

Со своей супругой Валентиной Григорьевной прожили 42 года счастливой семейной жизни. Воспитали двоих детей. Дочь приняла эстафету отца и в данный момент работает специалистом ИП «Землемер».

Сын открыл свое дело по ремонту машин.

Юрий Григорьевич всегда старается поддержать и помочь всем своим пяти внукам, которые часто приезжают в гости к дедушке. Юрий Григорьевич показывает свой аккуратно ухоженный приусадебный участок, где он заботливо выращивает цветы, огурцы, помидоры, морковь, капусту и многое другое. Ведь в селе без этого никак нельзя.

- Юрий Григорьевич, что бы вы могли сказать нашей молодежи, делясь своим жизненным опытом?

- Советую всегда обретать опыт и знания и правильно использовать их в жизни, брать пример со своего старшего поколения, быть всегда целеустремленными и стараться достигать всегда поставленных целей.

**От всей души поздравляем нашего юбиляра с днем рождения и желаем крепкого здоровья, счастья, удачи и благополучия, неиссякаемой энергии и бодрости духа на долгие годы.**

**Ирина МИРНАЯ.**

Фото автора.

# ВЫДАЧА РЕШЕНИЯ НА ПРОВЕДЕНИЕ КОМПЛЕКСА РАБОТ ПО ПОСТУТИЛИЗАЦИИ ОБЪЕКТОВ

ГОСУДАРСТВЕННАЯ УСЛУГА

**Когда старые хозяйственные постройки, сараи и даже жилые дома приходят в негодность и становятся не нужны, или вы решили построить на этом участке новый дом и другие хозяйственные постройки, возникает потребность в сносе построек. Для этого до демонтажа собственникам необходимо получить решение о сносе зданий и сооружений.**

Что для этого нужно сделать? Для этого через веб-портал «электронного правительства» необходимо направить заявление с приложением следующих документов: если у объекта недвижимости нескольких собственников, то необходимо предоставить электронную копию нотариально письменное согласие других собственников объекта на проведение комплекса работ по сносу зданий и его параметры; если проведение комплекса работ по сносу строений затрагивает интересы смежных собственников помещений (частей дома), то необходимо предоставить электронную копию нотариально засвидетельствованное письменное согласие смежных собственников помещений (частей дома); также к заявлению необходимо прикрепить копию экспертного заключения по техническому обследованию. Данное экспертное заключение выдают эксперты, имеющие соответствующий аттестат на право осуществления технического обследования надежности и устойчивости зданий и сооружений, либо организацией, имеющей в своем составе аттестованных экспертов.

При подаче через веб-портал заявление подписывается ЭЦП собственника зданий и сооружений.

Надо иметь в виду, что после сноса, собственнику надо составить акт сноса зданий и сооружений и предоставить в местный исполнительный орган для учета и регистрации в течение трех рабочих дней. Акт сноса зданий и сооружений подлежит обязательному учету и регистрации.

Правила получения Государственной услуги «Выдача решения на проведение комплекса работ по постутилизации объектов (снос зданий и сооружений)», утверждены Приказом Министра индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан от 29 апреля 2021 года № 202.

Правила оказания Государственной услуги «Выдача решения на проведение комплекса работ по постутилизации объектов (снос зданий и сооружений)», утверждены Приказом Министра индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан от 29 апреля 2021 года № 202.

Для получения государственной услуги физические и юридические лица (далее – услугополучатели) подают через веб-портал «электронного правительства», заявление по форме согласно приложению 3 к Правилам, с приложением документов указанных в Перечне основных требований.

**Перечень документов необходимых для оказания государственной услуги на портал:**

1. Заявление по форме согласно приложению 3 к Правилам выдачи решения на проведение комплекса работ по постутилизации объектов (снос зданий и сооружений)», удостоверенного ЭЦП услугополучателя;

- в случае сноса объекта подрядным способом предоставляется электронная копия договора на подрядные работы;

- в случае если у объекта недвижимости нескольких собственников, то необходимо предоставить электронную копию нотариально письменное согласие других собственников объекта на проведение комплекса работ по постутилизации (снос зданий и сооружений) и его параметры;

- в случае если проведение комплекса работ по сносу строений затрагивает интересы смежных собственников помещений (частей дома), то необходимо предоставить электронную копию нотариально засвидетельствованное письменное согласие смежных собственников помещений (частей дома);

- копия экспертного заключения по техническому обследованию надежности и устойчивости зданий и сооружений выдаваемое экспертом, имеющим соответствующий аттестат на право осуществления технического обследования надежности и устойчивости зданий и сооружений, либо аккредитованной организацией, имеющей в своем составе аттестованных экспертов;

- электронная копия ППР (не требуется по объектам указанные в пункте 2 статьи 60 Закона «Об архитектурной, градостроительной и строительной деятельности в Республике Казахстан")/проектной (проектно-сметной) документации;

- в случае признания многоквартирного жилого дома аварийным, электронная копия соответствующего заключения о сносе межведомственной комиссии, создаваемой местным исполнительным органом по форме согласно приложению к Методической рекомендации по сносу аварийных многоквартирных жилых домов, утвержденной приказом Председателя Агентства Республики Казахстан по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства от 29 декабря 2012 года № 795.

Срок оказания государственной услуги: 1) со дня сдачи пакета документов на проведение комплекса работ по постутилизации объектов (снос строений) технически и (или) технологически несложных объектов к услугодателю и при обращении на портал – 5 (пять) рабочих дней; 2) со дня сдачи пакета документов на проведение комплекса работ по постутилизации объектов (снос строений) технически и (или) технологически сложных объектов к услугодателю и при обращении на портал – 10 (десять) рабочих дней.

Результат оказания государственной услуги: Решение о сносе либо мотивированный ответ об отказе в оказании государственной услуги в случаях и по основаниям, предусмотренным пунктом 9 настоящего Стандарта государственной услуги.

**Форма предоставления результата оказания государственной услуги: электронная.**

Результат оказания государственной услуги направляется услугополучателю в «личный кабинет» в форме электронного документа, удостоверенного электронной цифровой подписью (далее – ЭЦП) уполномоченного лица услугодателя. Услуга бесплатна.

**К. МУКУШЕВА**

**руководитель отдела строительства, архитектуры и градостроительства.**

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

## ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕМІН АЛДЫН АЛА ЕСЕПТЕУГЕ ҚАТЫСТЫ




**Зейнетақы төлеуге өтініш берген кезде мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын арттыру және мерзімдерін қысқарту мақсатында «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы азаматтарға зейнетақы төлемдерін алдын ала есептеу мәселесі бойынша кеңестер береді.**

Кеңес беру және алдын ала есептеу үшін өтініш беруші зейнеткерлік жасқа толғанға дейін үш айдан ерте емес «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ филиалының әлеуметтік қамсыздандыру бөлімшелеріне жүгіне алады.

Кеңес алу үшін жеке басын куәландыратын құжат және еңбек кітапшасын, білімі туралы құжатты, әскери билетті ұсыну қажет. Сондай-ақ әйелдер неке куәлігін, балалардың туу туралы куәліктерін ұсынуы керек. Еңбек кітапшасы болмаған жағдайда мұрағаттық анықтамаларды, сот шешімін, еңбек өтілін растайтын құжаттарды ұсына

Мемлекеттік корпорацияның қызметкерлері өтініш беруші ұсынған құжаттардың заңнамаға сәйкестігін тексереді. Қызмет өтілін есептеу үшін қажетті құжаттарда сәйкессіздіктер анықталған жағдайда, филиал қызметкері өтініш берушіге сәйкессіздіктерді қосымша құжаттармен растау үшін мемлекеттік органдарға немесе басқа мекемелерге жүгіну қажеттілігі туралы хабарлайды. (мұрағат анықтамасы, сот шешімі және т.б.)

Филиал қызметкері өтініш берушіге кеңес беру және зейнетақы төлемін алдын ала есептеу туралы ақпаратты қағаз түрінде береді.

Мемлекеттік корпорация филиалының әлеуметтік қамсыздандыру бөлімшелеріне қолма-қол жүгінген кезде өтініш беруші консультация мен алдын ала есеп-қисапты сол күні алады.

**Барлық сұрақтар бойынша әлеуметтік және зейнетақы мәселелері бойынша 1414 Бірыңғай байланыс орталығына хабарласуға болады.**

ГОСУДАРСТВЕННАЯ УСЛУГА

## ПО ВОПРОСУ ПРЕДВАРИТЕЛЬНОГО РАСЧЕТА ПЕНСИОННОЙ ВЫПЛАТЫ

**В целях повышения качества и сокращения сроков оказания государственных услуг при обращении за назначением пенсионной выплаты Некоммерческим акционерным обществом «Государственная корпорация «Правительство для граждан» оказывает консультирование граждан по вопросу предварительного расчета пенсионной выплаты.**

Для получения консультации и предварительного расчета, заявитель не ранее чем за три месяца до достижения пенсионного возраста, может обратиться в отделы социального обеспечения филиала НАО «Государственная корпорация «Правительство для граждан».

Для консультации необходимо иметь документ, удостоверяющий личность и предоставить трудовую книжку, документ об образовании, военный билет.

Женщинам также необходимо предоставить свидетельство о браке, свидетельства о рождении детей. При отсутствии трудовой книжки, можно предоставить архивные справки, решение суда, документы подтверждающие стаж работы.

Сотрудники Госкорпорации проверяют документы, предоставленные заявителем, на соответствие нормам законодательства. В случае обнаружения несоответствий в документах, требуемых для исчисления стажа, работник филиала информирует заявителя о необходимости обращения в государственные органы или иные учреждения для подтверждения дополнительными документами несоответствий (архивная справка, решение суда и др.).

Сотрудник филиала выдает заявителю информацию о консультации и предварительному расчету пенсионной выплаты в бумажном виде. При личном обращении в отделы социального обеспечения филиала Госкорпорации (заявитель) получает консультацию и предварительный расчет в тот же день.

**В случае возникновения вопросов можно обратиться в Единый контакт-центр 1414 социального и пенсионного обеспечения.**

## ПОРЯДОК ЛИЧНОГО ПРИЕМА В ПРОКУРАТУРЕ АСТРАХАНСКОГО РАЙОНА

**Личный прием осуществляется согласно правилам личного приема физических лиц и представителей юридических лиц должностными лицами органов прокуратуры Республики Казахстан, которые разработаны в соответствии с Законодательством Республики Казахстан.**

Согласно правилам, личный прием физических лиц и представителей юридических лиц в прокуратуре Астраханского района осуществляется прокурором Астраханского района – **А.Жарылғапұлы** и заместителем прокурора Астраханского района – **Сансызбай Д.Ж.**, ежедневно в рабочее время **с 9.00 до 18.30 часов**, без предварительной записи.

При приеме физическое лицо или представитель юридического лица предъявляет документ, удостоверяющий его личность, а при обращении от имени других лиц – документы, подтверждающие полномочия представлять их интересы.

Прием осуществляется на государственном и русском языках, по желанию заявителя.

Результат приема – устное или письменное обращение.

Если изложенные в устном обращении факты и обстоятельства не требуют дополнительной проверки, ответ на обращение с согласия обратившегося лица предоставляется в устной форме в ходе приема.

Вместе с тем, все письменные обращения, поступившие с приема, после регистрации направляются соответствующим должностным лицам для рассмотрения и подготовки ответа заявителям.

Основанием для снятия с контроля поступившего с приема обращения является окончательный мотивированный ответ заявителю.

В прокуратуре района не допускается отказ в приеме обратившихся лиц.

**Прокуратура Астраханского района.**

ВАШЕ ЗДОРОВЬЕ

## ЗАЩИТИТЬСЯ ОТ ПАРАЗИТОВ, ПО СИЛАМ КАЖДОМУ

В течении последних нескольких лет в Астраханском районе эпидемиологическая ситуация по заболеванию людей паразитарными инфекциями (энтеробиоз, лямблиоз, описторхоз, аскаридоз и другие) остается нестабильной. Регистрация случаев идет ежегодно. Также отмечается увеличение заболеваемости среди детей в 1,5 раза. В структуре заболеваемости 60 процентов составляют простейшие – лямблиоз. В 20 % случаев больные заражены трематодами – описторхоз. В 5 % – контактными гельминтами – энтеробиоз. Как в текущем и так в пошлом году, не зарегистрировано случаев эхинококкоза. Во всех очагах специалистами районного управления проведены противоэпидемические мероприятия

Наиболее неблагополучными по паразитарным заболеваниям являются такие населенные пункты района, как с. Астраханка, стц. Жалтыр, Станция Колутон, с.Новочеркасское, с.Зеленое. Подъем заболеваемости приходится на весеннее-летний период, когда создаются идеальные условия для размножения и развития паразитов. Мы пьем сырую воду, едим плохо вымытые фрукты, лакомимся недожаренным шашлыком и конечно, забываем мыть руки, заглатывая яйца-гельминтов - паразитов, некоторые из которых могут жить в человеческом организме по 3-5 и более лет, медленно подтачивая нас изнутри и и до времени ничем себя не выдавая. Паразитические черви и их личинки на медицинском языке называются - гельминтами. Науке известны более 150 гельминтов, но широко распространены только 30 видов. Паразиты, живущие в кишечнике человека, бывают в основном двух видов: черви круглые (аскариды, власоглав, трихинелла и острицы) и плоские (бычий цепень,свиной цепень, карликовый цепень ). Есть еще описторхи – они паразитируют в желчных протоках печени, желчном пузыре. Кроме кишечника гельминты могут спокойно обитать в легких, брюшной полости, печени и даже в мозге. В окружающей среде яйца гельминтов легко могут сохранятся во взвешенном состоянии и вместе с частичками пыли оседать на поверхности различных предметов (столы, тумбочки, кровати, подоконники и т.д.). Поэтому соблюдение гигиены жилищ (регулярная влажная уборка) является обязательным условием. Пути попадания гельминтов в человеческий организм: грязные руки, почва, пища, предметы обихода, употребление пораженного личинками мяса и рыбы. И главное – первичные симптомы протекающей болезни даже не всегда наводят на мысль о глистах. В зависимости от видов гельминтов, стадии их развития клиническая картина может быть весьма разнообразной: вялость, слабость, потеря массы тела (похудение), особенно у детей, кстати, хронические длительные гельминтозы могут задерживать умственное и физическое развитие ребенка, отсутствие аппетита или, напротив, повышенный аппетит и постоянное чувство голода, тошнота, обильное слюнотечение, скрип зубами по ночам, периодические боли в животе, зуд в заднем проходе в вечернее и ночное время, повышенная температура тела до 37,5С, аллергические высыпания и многое другое. Словом, точный диагноз может установить только врач и затягивать с обследованием и лечением не следует. Потому что в запущенных случаях колония глистов в человеческом организме может состоять из десятков тысяч «поселенцев». Причем на одной территории нередко уживаются несколько разновидностей червей. К группе риска – относятся прежде всего дети. Защитные барьеры у них еще не сформировались, а уровень кислотности желудка меньше, чем у взрослого. К тому же малыш, начав активно осваивать мир, подключает все органы чувств. Ему непременно хочется пробовать каждый предмет на вкус. Они возятся в песочницах, где оправились все окрестные кошки и собаки, грызут ногти и все время забывают мыть руки. К тому же во многих семьях есть домашние животные. В особую группу риска, входят охотники и рыбаки, а также члены их семей. Ведь через мясо диких кабанов можно легко заразиться трехенеллезом. При поедании самодельной икры, слабо просоленной, провяленной или прокопченной рыбы, можно занести в свой организм описторхов. Которыми заражены многие виды рыб, обитающие в нашей реке (карп, язь, чебак, линь, сазан, лещ). При работе с сырой рыбой необходимо иметь отдельные разделочные доску и нож, чаще мыть руки и подвергать рыбу достаточной термической обработке (варка или жарка не менее 20 минут). Заразиться паразитарными болезнями можно даже при употреблении в пищу, казалось бы, совершенно безобидной, выращенной на дачном участке или купленной на рынке зелени- петрушки, укропа, сельдерея и так далее. Дело в том, что невидимые глазу яйца аскарид, настолько крепко прикрепляются к зелени, что смыть их струей воды невозможно. Всю зелень, а также овощи, которые выращивают в земле, надо замачивать в тазу с водой на полчаса, слить воду и лишь потом ополаскивать под краном. Для лечения существуют хорошо зарекомендовавшие себя, простые в применении противоглистные препараты, но их должен назначить только врач, самолечением заниматься нельзя. Ведь отдельные инвазии лечить очень трудно и здесь необходим комплексный подход (описторхоз, трихинеллез и т.д.), а от такой инвазии, как эхиноккокоз избавится можно только после хирургического вмешательства.

Привитие гигиенических знаний в быту с раннего детства в организованных коллективах (детские сады, школы), соблюдение технологии обработки пищевых продуктов, особенно рыбы, мяса, овощей, проведение профилактической дегельминтизации домашних животных, залог вашего здоровья. Защититься от непрошенных паразитов по силам каждому.

Будьте здоровы!

**Т. КОЛЕСНИКОВА, главный специалист Астраханского РУСЭК.**

## ВЫДАЧА ПАСПОРТА ГОТОВНОСТИ ЭНЕРГОПРОИЗВОДЯЩИМ И ЭНЕРГОПЕРЕДАЮЩИМ ОРГАНИЗАЦИЯМ К РАБОТЕ В ОСЕННЕ-ЗИМНИЙ ПЕРИОД

**Государственная услуга оказывается в соответствии с Правилами получения энергопроизводящими, энергопередающими организациями паспорта готовности к работе в осенне-зимний период, утвержденными приказом Министра энергетики Республики Казахстан от 2 февраля 2015 года № 55.**

Паспорта готовности отопительных котельных всех мощностей и тепловых сетей (магистральных, внутриквартальных) к работе в осенне-зимний период выдаются государственным учреждением «Отдел ЖКХ, пассажирского транспорта и автомобильных дорог» Астраханского района (далее – Услугодатель).

Прием документов от энергопроизводящих и энергопередающих организаций, (далее – Услугополучатель) на получение Паспорта готовности осуществляется ежегодно в период с 15 (пятнадцатого) августа по 30 (тридцатое) сентября включительно через веб-портал «электронного правительства» www.egov.kz (далее – Портал).

Срок оказания государственной услуги: 15 (пятнадцать) рабочих дней.

Услуга электронная. Бесплатная.

Результат оказания государственной услуги:

паспорт готовности энергопроизводящим и энергопередающим организациям к работе в осенне-зимний период;

паспорт готовности с замечаниями энергопроизводящим и энергопередающим организациям к работе в осенне-зимний период;

мотивированный ответ об отказе в оказании государственной услуги.

Перечень документов, необходимых для оказания государственной услуги при обращении Услугополучателя:

1) заявление на получение паспорта готовности энергопроизводящих, энергопередающих организаций к работе в осенне-зимний период;

2) акт готовности энергопроизводящих, энергопередающих организаций к работе в осенне-зимний период;

3) перечень документов, подтверждающих выполнение условий для получения паспорта готовности энергопроизводящих, энергопередающих организаций к работе в осенне-зимний период;

4) заключение экспертной организации, осуществляющей энергетическую экспертизу, о техническом состоянии основного и вспомогательного оборудования, зданий и сооружений станций, электрических и тепловых сетей, а также готовности организации к обеспечению отпуска тепловой и электрической энергии потребителям в предстоящий осенне-зимний период.

При подаче документов, указанных в настоящем пункте, через Портал прилагаются их электронные копии.

Основания для отказа в оказании государственной услуги, установленные законодательством Республики Казахстан:

1) установление недостоверности документов, представленных Услугополучателем для получения государственной услуги, и (или) данных (сведений), содержащихся в них;

2) несоответствие Услугополучателя и (или) представленных материалов, объектов, данных и сведений, необходимых для оказания государственной услуги, требованиям, установленным Правилами получения энергопроизводящими, энергопередающими организациями паспорта готовности к работе в осенне-зимний период.

График работы:

услугодателя – с понедельника по пятницу с 9.00 до 18.30 часов, за исключением выходных и праздничных дней, согласно Трудовому кодексу Республики Казахстан с перерывом на обед с 13.00 до 14.30 часов;

в соответствии с установленным графиком работы, за исключением выходных и праздничных дней, согласно Трудовому кодексу Республики Казахстан с перерывом на обед;

портала – круглосуточно, за исключением технических перерывов в связи с проведением ремонтных работ (при обращении услугополучателя после окончания рабочего времени, в выходные и праздничные дни согласно Кодексу, прием заявлений и выдача результатов оказания государственной услуги осуществляется следующим рабочим днем).

Услугополучатель имеет возможность получения государственной услуги в электронной форме через портал при условии наличия ЭЦП.

Жалоба на решение, действий (бездействий) услугодателя по вопросам оказания государственных услуг может быть подана на имя руководителя услугодателя, уполномоченного органа, осуществляющего руководство в сфере жилищных отношений (далее – уполномоченный орган), в уполномоченный орган по оценке и контролю за качеством оказания государственных услуг в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Услугополучатель имеет возможность получения информации о порядке оказания государственной услуги в режиме удаленного доступа посредством «личного кабинета» на портале, а также Единого контакт-центра по вопросам оказания государственных услуг: 1414, 8 800 080 7777.

**Контактный телефон справочной службы услугодателя по вопросам оказания государственной услуги 87164123037.**

# «КҮМІС ЖАС» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА

**Елімізде елуден асқан жастағы жұмыссыздарға арналған «Күміс жас» жобасы жанданууда. Арнайы жобаға өткен жылы бюджеттен қаржы бөлінген-ді. Бүгінде бұл жоба шеңберінде ауданда 9 азамат жұмыс істеуде. Солардың бірі – Жалтыр ауылында орналасқан «Гросс-Нан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде қызмет етіп жүрген Сансызбай Нуркишев.**



Түсінікті болу үшін тарқатып айтайық. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі зейнет жасына жақындаған жұмыссыз жандарды жұмыспен қамту мақсатында «Күміс жас» жобасын іске қосты. Бұл арнайы бастаманы жүзеге асыру 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде жүргізіледі. Астрахан ауданы бойынша биыл аталған жоба негізінде 9 адамды жұмыспен қамтылу көзделген.

Айта кетейік, «Күміс жас» жобасы шеңберінде жұмысқа орналасқан адамдар үшін субсидияның ай сайынғы мөлшері 70 пайызды құрайды.

«Күміс жас» жобасына қатысу мерзімі – 36 ай. Жобаға қатысу мерзімі аяқталған соң, жұмыс беруші зейнет жасына жақындаған адамды зейнетке шыққанға дейін тұрақты жұмысқа алуға міндетті. Жоба бойынша жұмыс іздеуші ретінде тіркелу үшін мансап орталығына немесе «enbek» электронды еңбек биржасына жүгіну қажет.

Мемлекет тарапынан жүргізілетін кешенді жұмыстар зейнеталды адамдардың әлеуетін де бағамдап бермек. Шындығында, 40 жасты қамал алатын жас деп анықтаған. Яғни жеке өмірінде, қоғамда біршама жетістікке жетіп, тұлға болып қалыптасудың басында болса, 60 жасты жан-жағына сыйлы, кәсіпті меңгеріп, әулеттен басқа өз ортасының тұлғасы болып қалыптасқан деп есептеледі. Бұл – адамның кәсіби және тұлғалық дамуының шыңына жеткен кезі. Осы кезеңде, әдетте, адамның психологиялық дамуы қалыптасып, өресі тұрақты деңгейде қалады. Психологиялық тұрғыдан алғанда, жастықтың соңы – 40-49 жас және кәріліктің басы 49-60 жас аралығын анықтайды.

